

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Луи Монтроз: Жаңа историзм





Мақсаты: Луи Монтроздың «Жаңа историзм» эссесіндегі негізгі тұжырымдарға аналитикалық шолу.

Тірек сөздер: жаңа историзм, марксизм, феминизм, оқу, мәтін, мәтіннен тыс, тарих, басымдылық.

Сіздермен америкалық ғалымдар Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясымен таныстығымызды жалғастырамыз. Бұл дәрісте Луи Монтроздың «Жаңа историзм» эссесі туралы сөз ететін боламыз.

«Жаңа историзм» эссесі – Луи Монтроздың постструктурализм туралы пікірталасқа жауабы, оның гуманитарлық зерттеулеріндегі «жаңа историзм» туралы кейбір тұжырымдарының негізі болып саналады. Д. Ривкин мен М. Райан Постструктурализмді (әсіресе, деконструкцияны) мәтіннің тарихи негізіне айтарлықтай назар аудармайды деп санайды. Ал постструктурализмнің мәтіннің формалық әлеміне көп эксперимент жасайтынын ескерсек Ривкин мен Райанның пікірлерінің жаны бар.

Ал Деконструкция, тіпті мәтіннен тыс әлемге сілтеме жасау мүмкіндігін жоққа шығарады. «Жаңа тарихшылар» (әсіресе, Стивен Гринблатт пен Кэтрин Галлахер) әдебиеттану үшін тарихтың маңыздылығын атап кеткен. «Жаңа тарихшылар» өздерін әдейі «жаңа» деп таныған, себебі, олар историография фактілерінің дәстүрлі негіздерін ескермей, мәтін мен контекстің түйісуін зерттеумен айналысты.

Ендігі кезекте тақырыпқа сәл шегініс жасап мәселенің мәніне тоқталып өтейік.

1980 жылдары америкалық академиялық ортадағы әдебиеттану ғылымы тарихи, әлеуметтік және саяси шарттар мен әдеби туындату мен интерпретацияның салдарына басты назар аударыла бастады. Мәтіндерді жазу мен оқу, олардың жүзеге асу үрдістері мен түрлері туралы сол кезде қалыптасқан бірнеше көзқарастардан біреуін ғана алып қарасақ болады: қазіргі таңда мәтін тарихи және мәдени жұмыстардың тәсілдерін сипаттайды.

Соңғы онжылдықта жаңа историзм немесе мәдени поэтика, мәдени материализм, феминизм және марксизмнің ревизионистік формалары белгілі бір деңгейде ағылшын және америкалық әдебиеттану ғылымының құрылымын реттеумен айналысты. Л. Монтроз өзінің эссесінде осыған байланысты: «жаңа историзмді» талқылау міндетін ұсынады. Ол бұл терминді тырнақшаға алып көрсетуі арқылы «жаңа историзм» түсінігінің дәстүрлі анықтамасына өзіндік бояуын енгізуді қалайтындығын білдіреді.

Сыншыл күштерді – жаңа историзм немесе мәдени поэтика, мәдени материализм, феминизм немесе марксизм деп қысқаша атайтын болсақ, барлығының мақсаты: әдеби және басқа да дискурстар арасындағы байланысты анықтау және мәселе тудыру. Соңғы жылдары бұл теория сыни риторикалық талдау мен позитивті тарихи ғылымның басты парадигмаларына қарсы шыға бастады.

Мұндай қарсылықтың себептері шығу тәркініне және өзара байланысына қарай әрқилы болып келді. Монтроз оның тек үшеуін ғана атайды. Біріншіден, біршама уақыт бойы гендерлік, этникалық, діни немесе таптық шығу тегі, саяси көзқарастары олардың мәдени және идеологиялық дәстүрлерге қатысын күрделендіріп жіберген ғалымдар пайда болды. Екіншіден, 1980 жылдардан бері басталған қайта бейімделу үдерісі – мәдени-эксперименталды және саяси толқынды 1960 жылдары студент болған кезінде құндылықтары қалыптасқан сыншылардың қарқынды еңбегі болатын. 70-жылдардағы әйелдер қозғалысы мен феминизм өркендеп тұрған тұста, олар өздерінің ұйымдарын құрып, сыншыларға әлеуметтік, институционалды және интеллектуалды ықпал жасағысы келді. Жалпы алғанда, бұл сыншылар 1980 жылдардағы әлеуметтік-саяси климатқа байсалды жауап бере алды.

Құрама Штаттарда феминизм мен әйелдер қозғалысы соңғы жылдары мәдени сынның тәжірибесіне интеллектуалды және әлеуметтік түрде ене бастады. Соңғы онжылдықтарда дискурстардың феминистік талдауы мәдени және тарихи тұрғыдан күшейе түсті. Мұндай тәсіл маргинализация тәсілдерін, әртүрлі әдеби және драмалық туындыларда әйелдердің деңгейін төмендету жолдарын қарастыруға мүмкіндік берді. Сөйтіп әйелдер қаламынан туған маргинализациялы немесе ескермеушілік мәтіндерді қайта қалпына келтірді. Бұл жобалар әдеби және сыни канондар адами тәжірибе мен сөйлеудің спектрін жұтып қояды деген тұжырымға қарсы шықты. Сыни тәжірибелердің аясын кеңейту және ашуға талпыныс жасай



отырып, феминист-ғалымдар білімділік пен академия материалды тіршілік үшін күрес туралы көзқарастардан бөлек немесе жоғары тұрады деген тұжырымды жоққа шығарды.

Әдебиеттану мен мәдениеттанудағы тарихи, әлеуметтік және саяси мәселелерге деген қызығушылықтың қайтадан жандануы – тарихтың қарқынды түрде ұмытыла бастағанына қарсы берілген жауап деп танылады. Гуманитарлық ғылымдардан дәріс беретін оқытушылардың басты міндеті – студенттердің тарих – аяқталған және орындалған өткен дәуір деген түсінігін қалыптастырып, олардың тарих қойнауында өмір сүретіндіктерін, тарихтың формалары олардың субъективті әрекеттері мен ойларынан, сенімдері мен тілектерінен көрінетіндігіне көз жеткізу болып табылады.

Әдебиеттану мен мәдениеттанудағы жалпы қайта бейімделу Дж. Хиллис Миллердің 1986 жылғы заманауи тілдер Ассоциациясында жасаған баяндамасына тақырып болған. Өзінің сөзінде Миллер: «соңғы жылдары әдебиеттану теориядан кенеттен артқа шегініп жатыр, сөйтіп, тарих, мәдениет, қоғам, саясат, билік институттары, таптық және гендерлік жағдайларға қарай бет бұрды», – дейді.

Осы сөзіне қарай Миллер дискурсивті және әлеуметтік салаларды поляризациялайды (қарсы қояды). Алайда мәдениеттанудағы басты үрдістің мәні олардың өзара байланысынан көрінеді: бір жағынан, әлеуметтілік деп дискурсты құрастыруды түсінсе, екіншіден тілді қолдану дегеніміз – олардың міндетті диалогтік, әлеуметтік және материалды шарттылығы.

Миллер «теорияны» Америка Құрама Штаттарындағы сыни дәстүрлермен үндес деконструкцияның түрлерімен идентификациялайды. Осылайша түсіндірген теория «идеология дегеніміз – деконструкция сыншылары мен антогонистерін солшыл және оңшыл деп бөлудің шарттары» деген тұжырымына қарсылық ретінде саналады.

Миллердің мәдени сын мен «теорияға» түсініктемелерді қабылдамауын Л. Монтроз екі терминді қысқарту ғана емес, олардың түйісуі мен бірігуі нүктелерін жоққа шығарған деп қабылдайды. Деконструкция тәсілдері мен ережелері идеологиялық талдаудың қарқынды құралы ретінде қолданылады. Деррида «деконструктивті түсіндірмелермен хаттар концептуалды және мағыналық дискурстарға ғана қатысты емес» деген болжам айтады. Ол «Деконструктивті тәжірибе – ең алдымен саяси және институционалды тәжірибе» деп түсіндіреді. «Мәтіннен тыс ештеңе жоқ» деген афоризм тарихтың мәтіндегі белгісіз қорқыныштар мен рақаттардан өздігімен бас тартуын сипаттау үшін қолданылған сияқты. Алайда бұл фраза Ф. Джеймисонның пайымдауынша, «тарих бізге мәтін формасынан басқа түрде қолжетімді бола алмайды».

Бұл дегеніміз – дискурстың идеологиялық күші дискурсты онтологиялық немесе эмпирикалық шындықты бейнелеуге түрткі болуы мүмкін деген сөз.

Әлемнің жазба дискурсындағы көрінісі әлемді құрастыруға қатысады: олар әлеуметтік шындықты қалыптастыруға, авторлар, оқырмандар мен аудиторияны әлемдегі үздіксіз өзгеріп тұратын көзқарастарға бейімдеуге қатысады. Осы тұрғыдан алғанда, біздің кәсіби тәжірибеміз, зерттеуіміздің нысаны да, Монтроздың айтуынша, идеологияның өнімі болып саналады. Монтроз бұл жерде тәжірибеде құндылықтар, көзқарастардың ізі көрінетінін айтқалы тұр. Миллер кез келген тұжырымды «белгілі бір тілге бейімделу» деп атайды. Тілге бейімделу дегеніміз – тарих, мәдениет, қоғам, саясат, билік институттары, таптық және гендерлік жағдайлар тұрғысынан көрініс табуы деген сөз.

1986 жылы жарияланған эсседе Монтроз 1970 жылдың соңынан бастап Қайта өркендеу дәуірі бойынша мамандардың, кейіннен «жаңа тарихшылардың» қол жеткізген теориялық, әдіснамалық және саяси көзқарастарын қысқаша сипаттауға талпынады. Зерттеулерін Қайта өркендеу дәуірінің канондық әдеби және драмалық шығармаларының бастапқы төркіні аясындағы әлеуметтік-мәдени өрісті қайта қалпына келтіруге бағыттап, олардың басқа жанрлар мен туындыларға қатысын анықтау мақсатын ұстанды.

Ағылшын әдебиеттануындағы интерпретациялау тәсілдерінің бірі – тарихтағы автономды идеяларды немесе әдеби жанрларға қатысты формалды және риторикалық талдауларды үйлестіру еді. Әдеби тарихтан басқа ағылшын әдебиеттануында «тарихтың» тағы да екі абстракциялы дәстүрлі тәжірибелерін атауға болады. Олардың бірі – саяси ортақ орындарға түсініктеме беру, әлемнің тұрақты әрі бірбүтін бейнесін сипаттау. Канондық әдеби туындыларда тарихи кезеңдер қарастырылады. Келесі бір тәжірибе – мәтінді күрделі шифрлар ретінде қарап, қиялдан туған кейіпкерлердің мазмұны мен олардың белгілі бір тарихи тұлғалар мен оқиғаларға



шындық қатысын анықтайтын эрудитті антикварлы ғылым. Тарихи сынның осындай көнерген идеалистік және эмпирикалық формаларының әдістемелік кемшіліктерін негізге ала отырып, олардың ғылыми еңбектерге әсерін көрсете отырып, жаңа тарихи сын «әдебиет» пен «тарих» арасындағы айырмашылықты қарастырудан бас тартып, жаңа» эпитетін қолдана алмайды.

1982 жылғы эссесінің кіріспесінде Стивен Дж. Гринблатт «жаңа историзм» терминін көне, рефлексивті және позитивті тарихи ғылымдардан жаңа сыни формализмге бағытталуына қатысты қолданады. Ол Қайта өркендеу дәуірінде жазылған әдеби шығармалар мәтіндердің таңбалық жинағы деп қарастырылмайтынын айтады. Сонымен қатар, автор өнер мен әдебиеттің шегарасы әлеуметтік және тарихи тұрғыдан қалыптасып біткенін айтады.

Бұл тұжырымға сүйенсек, сыншылар – тарихи және институционалды орналасқан ерекше оқырмандар болып шығады. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа историзм немесе мәдени поэтика оқырманның жеке білімі аясында жайғасып, орнығуы керек.

Клиффорд Герцтің символикалық антропологиясы «жаңа историзм» деп аталған жұмысқа ықпал етті. Герцтің еңбегі әдебиеттанушылар мен мәдениеттанушыларға мәдениеттің теориясын ғана емес, жоғары деңгейде әдеби тәсілді ұсынды. Герц өзінің риторикалық жағынан саналы этнографиялық тәжірибесін «қалың түсіндірме» деп атады. Қалың түсіндірме дегеніміз – интерпретациялық түсініктеме: басқа халықтардың тәжірибесімен толыққан оқиға және тыңғылықты сауалдардың көмегімен бөтен мәдениеттің өзіндік ерекшелігін ашуға көмек береді.

Осы тұрғыда авторлар Интерпретация мен «жаңа историзмнің» ара қатынасын сөз етеді.

Вальтер Коэн жаңа тарихи тәсілді – «өнімді байланыс» деп сипаттайды: «қоғамның кез келген аспектісі басқа аспектілермен тығыз байланысты. Ешбір ұйымдастырушылық ұстаным бұл қатынастарды анықтай алмайды». Осы құбылысты сипаттау үшін Доминик Лакапр «үстірт ассоциативизм, қарама-қайшылық немесе әлсіз монтажды... қолдануды немесе ... кесіп алып, орнына қоюды» ұсынады.

Жаңа тарихи зерттеулер мұндай пікірлерге сезімтал болып келді, себебі мәдениеттің тәсілі немесе үлгісін белгілі бір тұрақталған формада теоретизациялай (негіздей) алмады. Мәдени динамика туралы үнсіз, тіпті қарама-қайшы түсініктерге сүйеніп, жаңа тарихи зерттеулер өздері талдап отырған объектілер мәдени шарттылық ұстанымымен байланысты екенін көрсетеді.

Өзінің сыни жобасын «мәдени поэтика» деп алғашқылардың бірі болып атай отырып, Гринблатт «Шекспирлік келіссөздер» терминін дамыта түседі. «Мәдени поэтиканы» енді ол «әртүрлі мәдени тәжірибелер мен зерттеулердің осы тәжірибелермен байланысының ұжымдық сипатын зерделеу» деп түсінеді. Оның зерттейтін мәселелері – «ұжымдық тұжырымдар мен тәжірибелер қалай қалыптасты, бір ортадан екінші ортаға қалай ауысты, эстетикалық формада басқарылды ма, мәдени тәжірибелер арасындағы шегара бар ма т.б.». Сөйлеудің аралас формаларының арасындағы айырмашылықты зерттейтін формалистік және структуралистік терминдер ретінде сипаттала отырып, мәдени поэтика ретті үдерістер есебінен құрылымдық қатынастарды атап кетуге талпынады.

Идеология мен қарсылық мәселесіне қатысты терминдер Қайта өркендеу дәуіріндегі жаңа тарихи зерттеулерде көрініс тапқан. Қазіргі таңда басқа мамандықтарда да кең тарала бастаған. Бұл терминдер «қырғи-қабақ соғыс» идеологиясының қалдығы болып саналады. Сөйтіп талдау мен талқылау құралына айналып отыр. Соған қарамастан бұл терминдер ағылшын-америка әдеби сынындағы келешектің алмасу индикаторы болып табылады. Идеология мәселесі америкалық академиялық ғылымындағы сыни дискурстың тақырыбы болып табылатындықтан, әлеуметтік-мәдени талдау өзара бірігіп, үйлесім тапты. Мәдени саясаттың контекстінде «жаңа историзм» идеологиялық қарама-қайшылықтарға академиялық алаң болып қалыптасты. Қарсылықты Монтроз мынадай сценариймен көрсетеді: ұжымдық немесе жеке субъектілердің билік, ассимиляцияға қарсы еркіндігі туралы сөз еткен сыншылар қазіргі заман мемлекетінің қабілеттерін мойындамайтын сыншыларға қарсы шығады.

Бүлдіру әрекеттерін тоқтату туралы дәлелдер – субъектілердің агенттігі үшін бүлдіру әрекеті болып саналады.

Байсалдылық пен бүлдіру әрекетінің контекстінде Монтроздың көзқарасы өзгеріссіз қалды: идеологияның монолитті және біртекті ұғымдары біртекті емес әрі тұрақсыз, процессуалды ұғымдармен алмасуы керек. Марксист және әдебиеттанушы Раймонд Уильямс идеологияны



динамикалық және диалогикалық терминдерге қатысты теоретизациялайды. «Қозғалыстар мен үрдістердің ішкі және сыртқы өзара байланысын» ерекше атай отырып, Уильямс кез келген уақытта қалдық, қайта туындайтын, оппозициялық және альтернативті құндылықтардың, мағыналар мен тәжірибелердің болатындығын айтады. Мұндай «қозғалыстар мен үрдістердің» конъюктуралары (жағдайлары) идеологиялық өрісте концептуалды алаң құра алады. Соның негізінде үздіксіз өзгеріске ұшырап отырады.

Мәдениет пен идеологияның динамикалық, агонистік және уақытша үлгісін ерекше айта келе, басты және бағынышты көзқарастар арасындағы үздіксіз бәсекелестік, сабақтастық пен өзгерістердің үздіксіз өзара байланысы – тарихтың мәдени поэтикасының болашағына жол ашатынын айтады.

Тоқтату мен бүлдіру, басқару және дауласу секілді бинарлы терминдер әрдайым диалектикалық сипатта; олардың конфигурациясы, мазмұны мен тиімділігі нақтылы және өзгермелі конъюктураларда қалыптасады. 1940–1950 жылдар арасында әдеби-тарихи ғылым Шекспир секілді канондық тұлғалардың идеологиялық ортодоксалдығын көрсетуді міндет етті. Мәдени саясаттың жаңа сатысында сыншылар арасында сүйікті канондық әдеби туындылары «олардың жеке тұлғалық канондығын бүлдіріп» жатқандығын алға тартқандар көбейді. Әдетте мұндай тұжырымдар талдау нәтижесінде жасалады.

Келесі кезекте «Жаңа историзм» мен басқа да сыни тәсілдерді қарастырады.

«Қайта өркендеу дәуірі әдебиеттануы мен тарихы» еңбегінде Монтроз жаңа историзмді мектеп, қозғалыс немесе бағдарлама түрінде емес, гуманитарлық зерттеулер аясындағы тарихи бейімділік деп суреттейді. Оның ойынша, осы бейімділік сыни тәжірибелерде біркелкі болып келмейді. Айқын анықтамалардың болмауы эмпиризм, формализм және гуманизм элементтерінің қалдық симптомы болып саналады.

Америка Құрама Штаттарындағы феминизм мен марксизм теоретиктері мен Ұлыбританияның мәдени материалистерімен қатар, америкалық ғалымдар соңғы онжылдықта Қайта өркендеу дәуіріндегі жаңа историзм бағытын зерттеумен айналысып келеді. Таптық кедергілер Америка Құрама Штаттарына (онда радикалды саясаттың күшті дәстүрі қалыптасқан, мемлекет орталықтандырылған оқу орындарына күштеп қысым жасайды) қарағанда айқын көрініс берген Ұлыбритания жерінде біршама уақыт бойы «мәдени материализм» сыншылары арасында басты талдау нысанына айналып келді. Бұл ғалымдар британ білім беру жүйесі мен ағылшын мәдениетіне ендірілген ағылшын авторлары мен олардың еңбектерінің каноны билік құрушы әлеуметтік таптың идеологиясын қалыптастырғанына алаңдауда.

«Жаңа историзм», Монтроз айтқандай, академиялық ортада ғана қаралып келеді әрі оны аудармашылар сыни тәсіл ретінде пайдалана қоймаған. «Жаңа историзм» келісімді интеллектуалды және институционалды бағдарламаны белгілей ме, жоқ па, анық емес. Әртүрлі идентификациялауды жаңа-тарихи тәжірибелер жүйелі және авторитетті интерпретациялаушы парадигмаға біріктіре қоймады. «Мұндай парадигманы құру мүмкін емес, қажет те емес», – дейді Монтроз. Оның орнына біз әртүрлі мүдделердің үйлесу үдерісін байқаймыз: жаңа историзм тек ренессанстық зерттеулер аясындағы қарқынды пікірталастардың ғана емес, әдебиеттанудың басқа да салаларында терминологиялық алаң болып табылады.

Қазіргі таңда назар аударарлық қызықты жұмыстардың көп бөлігі біздің пәніміздің аясында жас ғалымдар, аспиранттар тарапынан жүргізілуде. Өзінің диссертациялары мен басылымдарында бұл жас мамандар феминизм, марксизм, постколониализмнің теориялық дискурстарының элементтерін синтездейді. Ал кейбір жұмыстарда жаңа-тарихи перспективалардың мәдени-саяси талдаумен және сынмен үйлесімділігі сөз етілген.

Монтроздың ойынша, жаңа историзмнің академиялық феномені жалпыәлемдік әлеуметтік қозғалыстармен, қалыптасқан феминистік, марксистік, постколониалды және басқа да дискурстармен өлшеуге келмейді. «Жаңа историзмнің» мұндай жоғары мәнге ие болуының бір себебі – оның тәсілдерінің идеологиялық бағыттардағы жобаларды өрістетуге қолжетімділігі болып табылады.

Қазіргі таңда әдебиеттануда туындап жатқан тарихқа постструктуралистік бейімделуді Монтроз тарихи мәтіндер мен тарихтың текстуалдылығының өзара байланысы деп түсіндіреді. Мәтіндердің тарихилығы дегеніміз – хатқа тарихи, әлеуметтік және материалды мәліметтерді ендіру. Монтроз толық және сенімді өткен тарихқа қолжетімді бола алмаймыз деп ескертеді;



тарих іздері таңдамалы сақтау мен жою үдерістерінің салдары. Екіншіден, материалды және идеологиялық күрестің жеңіске жеткен іздері кейінгі қарастырулардың, басқаша атағанда, «құжаттардың» нысанына айналып, гуманитарлы ғылымдарда оқытылады.

Монтроздың ойынша, редукивті үрдістерді бір-біріне қарама-қайшы қарастыру бинарлы терминдерді қалыптастыруға негіз болды, оларды өзара конститутивті, рекурсивті және трансформативті үдеріс ретінде қараймыз.

Вербалды және әлеуметтік, мәтін мен әлем арасындағы қарым-қатынастарды қайта қарайтын уақыт келді. Сонымен қатар, әдебиет туралы тұрмыстық, альтернативті, идеалистік, эмпирикалық және материалистік тұжырымдардан бас тартатын уақыт та жетті.

Жазу мен оқу – жеке тұлғалық және ұжымдық адами субъектілер әлемінде жүзеге асырылатын тарихи және әлеуметтік маңызды оқиғалар. Кез келген жағдайда теориялық белгісіздік әдебиеттануда жаңа әлеуметтік-тарихи сынның жобасын қалыптастырады. Оның мәні мәдени дискурсивті тәжірибелердің өзара байланысын талдауда көрінеді.

Айта кететін жайт, кез келген ұжымдық сыни жоба әлеуметтік тәжірибе болып табылады. Бүкіл академиялық мәтіндер олардың әдеби-тарихи маңызының объектісі болып саналады.

1980 жылдардан бастап америкалық саяси истеблишменттің секторы (масса-медиа, консервативті емес интеллигенция) академиялық зерттеулер аясындағы әдебиет пен гуманитарлық ғылымдардың деградацияға ұшырауын (кері кетуін) сынға алды. Оларға сыни қарау нәтижесінде білім мен өнердің мақсаттары айқындалды. Гуманитарлық ғылымдардың Ұлттық қоры жүргізген Оқу бағдарламаларын реформалау 1960-жылдардан бастап «дәстүрлі құндылықтарды» құлдырауға итермеледі. Басқарушы мәдениетті бейнелейтін оқу бағдарламалары сақталды, америкалық құндылықтар мен тұжырымдардың инклюзивтілігін, тұрақтылығын, біртектілігін сипаттайтын оқу бағдарламаларына қолдау жасалды. Сонымен қатар реформа барысында тарих, саясат, тап, нәсіл және өрістегі альтернативті және оппозициялық перспективаларға мәдени талдаулар жасалды.

Дәстүрліден тыс кез келген жауаптар мен анықтамалар академиялық қауымдастықтың әдеби теорияға, оқу бағдарламасына деген ашуын тудырды. Бұл дегеніміз – академиялық орта идеологиялық доминантты жарыққа шығару немесе мойындамаудың алаңы ретінде қабылдана бастады. Академиялық орта саясаты «академиялық саясат» деп аталатын құндылықтың шеңберінен шығып, мәдени поэтиканы меңгеру мен оқыту мәдени саясатпен үйлесім тапты.

Біздің тек оқу ғана емес, қалай оқу керектігін де таңдауымыз оқу саясатын түсінуді күрделендіріп жіберді. Әдебиетті вербалды және әлеуметтік тәжірибелердің тұрақсыз және агонистік өрісінде қайта қалпына келтіріп, содан кейін оның шегараларын бұзып, біз гуманитарлық ғылымдарды интеллектуалды және әлеуметтік маңызды еңбек ретінде қалыптастыруға мүмкіндік жасадық.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Жаңа тарихи сынның басқа да сыни тәсілдердің ішіндегі рөлі қандай?
2. Л. Монтроздың ойынша, мәтінді талдаудың деконструктивті тәсілінің тар болуы себебі неде?
3. Американдық академиялық үйірме мүшелерінің «жаңа историзмді» сынауын қалай түсіндіреміз?

Әдебиеттер:

1. Montrose Louis. *New Historicisms// Redrawing the Boundaries.* – Modern Language Association, 1992. – P. 392-418.
2. Anderson Perry. *In the Tracks of Historical Materialism.* – Chicago: University of Chicago Press, 1984.



3. Cohen Walter. Political Criticism of Shakespeare//Shakespeare Reproduced: The Text in the Ideology and History. – London: Methuen, 1987. – P. 18-46.
4. Derrida Jacques. But, beyond...: Open Letter to Anne McClintock and Rob Nixon – Critical Inquiry. – 1986. – 13.
5. Lynne V. Cheney. American Memory: A Report on the Humanities in the Nation's Public Schools. – Washington: NEH, 1987.
6. Lynne V. Cheney. Humanities in America: A Report to the President, the Congress, and the American People. – Washington: NEH, 1988.
7. Geertz Clifford. The Interpretation of Cultures: Selected Essays in Interpretive Anthropology. – New York: Basic, 1983.
8. Geertz Clifford. Negara: The Theatre State in Nineteenth-Century Bali. – Princeton:Princeton University Press, 1980.
9. Greenblat Stephen J. Representing the English Renaissance. – Berkeley: University of California Press, 1988.